










Шайтанкөл - ғажайып құбылыс

Жасан Әсел Байғалиқызы
«Раздольный ЖОББМ» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	5.1.2.1. Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну және нақты ақпаратты анықтау 5.4.3.1. Жазба жұмыстарында сипаттау, бейнелеу құралдарын қолданып жазу	
Сабақтың мақсаты	Барлық оқушылар орындай алады: мәтін мазмұнын түсінеді, ақпаратты анықтайды. Оқушылардың көпшілігі орындай алады: жазба жұмыстарын сипаттайды. Кейбір оқушылар орындай алады: жазылған постерді өз сөзімен қорғайды, бейнелеу құралдарын қолданады	
Ойлау деңгейлері	Білу мен түсіну, қолдану, жинақтау	
Бағалау критерийі	Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсініп, нақты ақпаратты анықтайды. Жазба жұмыстарында сипаттап, бейнелеу құралдарын қолданып жазады.	
Тілдік мақсаттар	Жаңа сөздер мен тірек сөздер: тау басы, жартас, қарағай, мөлдір, биіктік, сілем, адам білгісіз, сыры, биік аңғары, шың, еңкіштеу, құлама тік, шағын, тостаған, иірімделіп	
Құндылықтарға баулу	Қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім: елге деген патриотизм және азаматтық жауапкершілік, табиғатты сақтап, аялауға тәрбиелеу.	
Пәнаралық байланыс	Жаралыстану, математика, информатика.	
Тақырып бойынша алдыңғы білім	«Әнші құм» тақырыбынан «Төрт қадам» әдісі бойынша үй тапсырмасын тексереміз (Әр қадам басылған сайын өзі білетін мәліметті айтып, төрт қадамдатылық үй жұмысын айтып береді). 4 минут 	
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	I. Ұйымдастыру кезеңі. 2 минут Психологиялық ахуал. Бір, екі, үш Сынып іші тып-тыныш Жалқаулықты тастаймыз Сабақты біз бастаймыз. Тілек шеңбері. Оқушылар шеңберде тұрып, бірі –біріне тілек тілейді. Топқа бөлу. Оқушылар шеңбер бойынша тұрып, сиқырлы қорап ішіндегі суретті алады. Оқушылар алған суреттер	Интербелсенді тақта.

	<p>бойынша үш топқа бөлінеді. 1-топ «Қарағай» 2-топ «Жартас» 3-топ «Мөлдір»</p>	
<p>Сабактың ортасы 30 минут</p>	<p>Тақырыпқа кіріспе. СЖ. 5 минут. 1-тапсырма. «ТКО» (тыңдау, көру, орындау) әдісі «Табиғат құбылыстары» деректі фильмде «Шайтанкөл» әні орындалады. Көріп, тыңдап отырған фильм бойынша сұрақтар қоямын. Қойылған сұрақтар бойынша тақырыпты ашамын. Сендер қандай таңғажайып құбылыстар туралы білесіңдер? Сипаттап бере аласыңдарма? Тыңдаған әндеріңізден не түсіндініздер? СЖ. 2 минут. 2-тапсырма. Сөздікпен жұмыс. Мұғалім интербелсенді тақтадан тақырыпқа қатысты жаңа сөздерді таныстырады, аудармасын айтады. Оларды оқиды, оқушыларға қайталатады СЖ. 6-минут. 3-тапсырма. Мәтінмен жұмыс.</p>  <p>Қазақстанның ең әдемі, көрікті жерлерінің бірі - Қарқаралы. Қарқаралы сілеміндегі көлдер мен өзендер, таулар мен қайыңды-қарағайлы ормандар ерекше сұлулықтарымен көз тартады. Бұғылы, Шаңкөз, Мәтен, Әулие, Қызыларай таулары ғажап көрінісімен көңіліңді баурайды. Қарқаралы жері - тұнып тұрған аңыз-ертегі. Солардың ішінде Шайтанкөлдің адам білгісіз керемет сыры бар. Шайтанкөл биіктігі шамамен 1200 м болатын Бұғылы тауының ең биік аңғарында, тау шыңында орналасқан. Оның бір беткейі еңкіштеу. Ал екінші жағы құлама тік жар. Таудың ең биігінде шағын тостағанға ұқсайтын мөп-мөлдір көл жатыр. Ұзындығы - 60 м, көлденеңі - 40 м. Бұл көлдің Шайтанкөл аталуы тегін емес. Себебі тостағанның орта тұсы қап-қара болып, иірімденіп жатады. Көлге түсіп шомылуға адам өзінен-өзі жүрексінеді. Тағы бір қызығы - көлдің қарсы жақ жағалауларының арасының алыс еместігіне қарамастан, кейде келесі жағадағы адамдар көрінбейді. «Шайтан алып кетті ме, қайда кетті?» дегеннен Шайтанкөл атанып кеткен екен дейді. ТЖ. 8 минут. «9 ромб» әдісі бойынша мәтін бойынша «Шайтанкөлге» сипаттама беріңіз.</p>	 <p>интербелсенді тақтадан</p>

		<p>1.ең маңызды 2.маңызы жоғары 3.маңызды 4.орта маңызды 5.маңыздырақ 6.маңыздылау 7.төмен маңызды 8.маңыздылығы шамалы 9.маңызы жоқ</p>
<p>Сабақтың соңы 5 минут</p>	<p>ТЖ. 5 минут. 3-тапсырма. «Оқиға картасы» графикалық органайзер арқылы берілген суреттен оқиға желісін жіктеңіз. Үй тапсырмасы: «Шайтанкөл» туралы 4 жолды өлең жазу «Синквейн» әдісі бойынша</p>	
	<p>ТЖ. 1-минут.Рефлексия: «Чемодан, етартқыш, себет»</p> <ul style="list-style-type: none"> - Келешекте бәрі керек - Ақпаратты өңдеймін - Бәрін лақтырамын 	
<p>Саралау – Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?</p>	<p>Бағалау – Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау</p>
<p>ЖЖ. 6 минут Саралау тапсырмасы</p> <p>А деңгейі «Дара диаграммасы» мәтіннен алынған тірек сөздерге сүйене отырып , сипаттама береді.</p> <p>В деңгейі «РАПТ» әдісі бойынша мәтіннің мазмұнын еркін және көркем тілмен мазмұндай алады, сұрақтарға жауап береді ә) жазбаша тапсырмаларды сауатты орындай алады</p> <p>С деңгейі «Суретті сөйлету» әдісі бойынша берілген суретті сипаттап 5 сөйлем құрастырыңыз. 1. таудың басы</p> 	<p>Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсініп, нақты ақпаратты анықтайды.</p> <p>Жазба жұмыстарында сипаттап, бейнелеу құралдарын қолданып жазады.</p>	

<p>2. қарағай</p> 			
<p>3. жаргас</p> 			
<p>4. құлама тік</p> 			
<p>5. мөлдір</p> 			
Ойлау деңгейі	Бағалау критерийі	Тапсырмалар реті	Дескрипторлар
Білу Түсіну	Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсініп, нақты ақпаратты анықтайды.	1-2	-«Шайтанкөл» мәтіннің мазмұнын тыңдап түсінеді; -сұрақтарға сауатты жауап бере алады; -аудармасын айтады
Қолдану Жинақтау	Жазба жұмыстарында сипаттап, бейнелеу құралдарын қолданып жазады.	3-4	-мәтін бойынша «Шайтанкөлге» сипаттама берді; берілген суреттен оқиға желісін жіктеді